№ исх: 09-3-14/27-Д от: 14.03.2017


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 5 - кіреберіс
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел даңғылы, 8
Дом Министерств, 5 подъезд
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50


__________№________________________
____________________________________

**Қазақстан Республикасы**
**Парламентінің Мәжілісі**
**«Ақжол» ҚДП фракциясының депутаттары**
**М. Қазбековаға**
**А. Перуашевқа**
**Е. Никитинскаяға**
**Е. Барлыбаевқа**
**К. Әбсатыровқа**
**Д. Еспаеваға**
**Б. Дүйсенбиновке**

*2017 жылғы 23 ақпандағы*
*№ ДЗ-56*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 1053 бұйрығының (бұдан әрі – Стандарт) тіс дәрігерлерінің практикалық қызметіне әсер етуіне қатысты Сіздердің сауалыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Стандартқа сәйкес **стоматолог дәрігер** (жоғары медициналық білімі бар маман) стоматологиялық аурулар кезінде консультациялық және емдік-диагностикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; тіркелген контингенттің ауыз қуысын профилактикалық қарап-тексеру мен санациялауды жүргізеді; тіс-жақ сүйек жүйесінің патологиясы бар пациенттерді диспансерлік қадағалауды және стоматологиялық денсаулық деңгейін бағалай отырып, оның тиімділігін талдауды жүзеге асырады; тіс-жақ сүйек-бет аномалияларымен, деформацияларымен және олардың дамуының алғышарттарымен адамдарды, тістер мен тіс қатарлары коронкаларының ақауларын, тістердің қатты тіндері мен ауыз қуысының сілемейлі

қабықшасының патологияларын ерте анықтауды қамтамасыз етеді; медициналық көрсетілімдер болған кезде пациенттерді көп бейінді стационарлардың жақ сүйек-бет хирургиясы бөлімшелеріне стационарлық емдеуге жіберуді ұйымдастырады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 791 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Біліктілік сипаттамалары) біліктілік сипаттамаларына сәйкес бейінді маман **(стоматолог дәрігер)** білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетуге, науқасты қадағалап қарау тактикасын, оны зерттеп-қарау жоспарын айқындауға, диагнозын белгілеуге, ем тағайындауға және оны бақылау, қажетті диагностикалық, емдік, оңалту және профилактикалық емшаралар мен іс-шараларды өз бетінше жүргізуге құқығы бар.

Стандартқа сәйкес **тіс дәрігері, дантист** (орта медициналық білімі бар маман) стоматологиялық аурулардың профилактикасы кабинетінде дәрігерге дейінгі стоматологиялық көмек көрсетеді, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан (фельдшерлік-акушерлік пункттерде; дәрігерлік амбулаторияларда; стоматологиялық аурулардың профилактикасы кабинетінде; стоматологиялық емханалардың (облыстық, қалалық) құрамындағы стоматологиялық кабинеттерде, соның ішінде балалар бөлімшелері; көп бейінді стационарлардың, диспансерлердің бөлімшелерінде; жылжымалы стоматологиялық кабинеттерде; мектептердегі стоматологиялық аурулардың профилактикасы кабинеттерінде) медициналық ұйымдарда медициналық стоматологиялық көмек көрсетуге құқығы бар.

Сонымен қатар, Біліктілік сипаттамаларына сәйкес **тіс дәрігері, дантист** атқаратын лауазым бейініне сәйкес тіс, ауыз қуысы және жақ-бет аймағының аурулары мен зақымдануларын диагностикалау мен емдеуді жүзеге асырады, тіс аурулары мен зақымдануларының профилактика, балалар мен ересектер ауыз қуысы санациясы бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Сәйкесінше Стандарт бойынша өзінің кәсіби құзыретіне сәйкес тіс **дәрігерінің, дантистің** тіс аурулары мен зақымдануларды диагностикалауы мен емдеуін жүзеге асыруына тыйым салынбайды.

**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау министрі** **Е. Біртанов**

*Орын.: А. Дәрібаев*
*тел.: 74-34-81.*

14.03.2017 ЕСЭДО ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

**Мажилис Парламента**
**Республики Казахстан**
**Депутатам фракции ДПК «Ак жол»**
**М. Казбековой**
**А. Перуашеву**
**Е. Никитинской**
**Е. Барлыбаеву**
**К. Абсатирову**
**Д. Еспаевой**
**Б. Дуйсенбинову**

*На № ДЗ-56*
*от 23.02.2017 года*

**Уважаемые депутаты!**

Министерство здравоохранения Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев Ваш запрос касательно влияния приказа Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 12 декабря 2016 года № 1053 «Об утверждении Стандарта организация оказания стоматологической помощи в Республике Казахстан» (далее – Стандарт) на практическую деятельность зубных врачей, сообщает следующее.

В соответствии со Стандартом **врач стоматолог** (специалист с высшим медицинским образованием) обеспечивает организацию консультативного и лечебно-диагностического процесса при стоматологических заболеваниях; проводит профилактические осмотры и санацию полости рта прикрепленного контингента; осуществляет диспансерное наблюдение за пациентами с патологией зубочелюстной системы и анализ его эффективности с оценкой уровня стоматологического здоровья; обеспечивает ранее выявление лиц с зубочелюстно-лицевыми аномалиями, деформациями и предпосылками их развития, дефектов коронок зубов и зубных рядов,

14.03.2017 ЕСЭДО ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

патологии твердых тканей зубов и слизистой оболочки полости рта; при наличии медицинских показаний организует направление пациентов на стационарное лечение в отделения челюстно-лицевой хирургии многопрофильных стационаров.

Также, в соответствии с квалификационными характеристиками, утвержденными приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 26 ноября 2009 года № 791 (далее – Квалификационные характеристики), профильный специалист (**врач стоматолог)** имеет право оказывать квалифицированную, скорую и другие виды медицинской помощи, определять тактику ведения больного, план его обследования, устанавливать диагноз, назначать и контролировать лечение, организовывать или самостоятельно проводить необходимые диагностические, лечебные, реабилитационные и профилактические процедуры и мероприятия.

В соответствии со Стандартом **зубной врач, дантист** (специалист со средним медицинским образованием) оказывает доврачебную стоматологическую помощь в кабинете профилактики стоматологических заболеваний, а также имеет право оказывать медицинскую стоматологическую помощь в медицинских организациях независимо от форм собственности (фельдшерско-акушерских пунктах; врачебных амбулаториях; кабинетах профилактики стоматологических заболеваний; стоматологических кабинетах в составе стоматологических поликлиник (областных, городских), в том числе детских; отделений многопрофильных стационаров, диспансеров; передвижных стоматологических кабинетах; в школьных кабинетах профилактики стоматологических заболеваний).

Также, в соответствии с Квалификационными характеристиками **зубной врач, дантист** имеет право осуществлять диагностику и лечение заболеваний и поражений зубов, полости рта и челюстно-лицевой области в соответствии с профилем занимаемой должности, проводить работу по профилактике заболеваний и поражений зубов, санации полости рта у детей и взрослых.

Соответственно действие Стандарта не запрещает осуществлять **зубному врачу, дантисту** диагностику и лечение заболеваний и поражений зубов в соответствии с его профессиональной компетенцией.

**Министр здравоохранения**
**Республики Казахстан** **Е. Биртанов**

*Исп.: А. Дарбаев*
*тел.: 74-34-81.*

14.03.2017 ЕСЭДО ГО (версия 7.20.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.